

чины, почему это необходимо ему. После прочтения трех причин студентам предлагается написать четвертую причину и обосновать ее.

Что такое счастье? Нет, наверное, человека, который бы не хотел быть счастливым. Но никто не знает, как стать таким. Ы. Алтынсарин мастерски демонстрирует это в своей миниатюре «Счастливый человек». Актуальность темы дает нам возможность обсудить со студентами идейно-содержательный замысел произведения на иностранном языке и написать собственное размышление на тему.

Важнейшие проблемы нравственной чистоты затрагивает притча «Чистый родник». Прочтение произведения заставляет задуматься о таких философских понятиях как «Чистота души», «Нравственность», «Бескорыстие». Высеченная кем-то надпись на камне около источника «Эй, путник, будь чистым как этот родник» заставляет любого искать в себе ответ на этот вопрос. И предложенный автором открытый конец произведения оставляет за нами право выбрать наиболее подходящий.

Что есть бережливость, а что скупость? Размышления на эту тему представляет собой произведение Ы. Алтынсарина «Бережливость и скупость». На такие непростые вопросы могут дать ответ философские притчи.

Пример верховного правителя одной страны, низко поклонившегося проходящему мимо мужику, говорит об истинной образованности и воспитанности высокопоставленного человека. «Вежливость» – еще один литературный шедевр мастера.

Просветительские идеи автора, роль и значение знания воплощены в миниатюре «Польза знания». Вывод, к которому приходит читатель – приобретенные человеком знания и умения никогда не будут лишними, а найдут свое достойное применение.

Творчество Ы.Алтынсарина представляет собой уникальное сочетание квинтэссенции многовековой мудрости и педагогики Степи, которую мы сегодня используем в своей познавательной деятельности и хотим передать следующему поколению. Изучая литературное наследие Ы. Алтынсарина, мы приходим к убедительному выводу, что его произведения наполнены философией своего народа. В них раскрывается не только дух и менталитет этноса, но и ярко выражен призыв – стремиться к самообразованию, духовному обогащению и нравственной чистоте. Мастер фольклорного жанра умело передает в своих миниатюрах свое мировоззрение и философию. Его афоризмы, притчи, сказки достаточно малого объема несут глубокий идейно-содержательный характер и являются материалом для анализа на занятиях по иностранному языку.

Таким образом, обозначенные цели и задачи по обучению диалогу культур с опорой на национальные традиции и обычаи в стране изучаемого языка и РК могут быть осуществлены на занятиях по иностранному языку. Для этого требуется правильный подход к проблеме, выбор материала, имеющегося на казахском и русском языках и их умелое внедрение в учебный процесс.

Основатель этнопедагогики Г.Н. Волков в своих трудах неоднократно говорит о роли национально-региональной и этнической культуры. Он называет «золотое правило этнопедагогики»: без памяти нет традиции, без традиций нет культуры, без культуры нет воспитания, без воспитания нет личности, без личности нет народа.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гумбольдт В. Избранные статьи по языкознанию. – М., 1984.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Мн.: ТетраСистемс, 2004.
3. Закон об Образовании РК, № 389-13 РК, 07.06.1999, г. Астана.
4. Концепция развития иноязычного образования РК, Алматы, 2004.
5. И.Алтынсарин. Собр.соч. в трех томах. Том 1. Алма-Ата. 1975.
6. И.Алтынсарин. Собр.соч. в трех томах. Том 3. Алма-Ата. 1978.
7. Г.Н. Волков Этнопедагогика – М., 1999.

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ІСКЕ АСУЫ

Қайнарбаева А.О.

«Глазунов орта мектебі» ММ, Қостанай облысы Қостанай ауданы

Қазақтың қазіргі зайырлы білім беретін біртұтас ұлттық мектебінің іргетасы Ы.Алтынсариннің жанқиярлық ерен еңбегінің арқасында ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалана бастады.

Ы.Алтынсаринұлы XIX ғасырдағы қазақ ойшылдарының арасында, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің сөзімен айтқанда, алыстан асқақтап бәйтеректей көрінетін алып үш тұлғаның бірегейі еді.

Бүгінде әлем мойындаған тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеу тарихына көз салсақ, XIX ғасырда алып үш бәйтеректей көрінген Шоқан, Ыбырай, Абай сынды тұлғалардың «алыс та болса-жақын» жолды таңдаған данышпандық, көрегендік қасиетіне, ұлылығына бас иесің. Осы арада Ыбырайды XIX ғасырдағы бүкіл қазақ ойшылдары мен зиялыларынан ерекшелейтін айрықша қырына тоқтала кету керек. Бұл әсіресе оның ағартушылық қызметінен анық көрінеді. Сондықтан да өз замандастары да, кейінгі ұрпақ өкілдері де Ыбырайды ұлы ағартушы, қоғам қайраткері, жаңа тұрпатты педагог, жаңашыл әдіскер ұстаз, ғалым этнограф, саралы ақын, сарабдал жазушы, қазақтың балалар әдебиетінің негізін салушы, орыс графикасы негізінде қазақтың алғашқы ғылыми оқу құралдары мен оқулықтарын жасаушы, қазақтың зайырлы мектеп жүйесінің ірге тасын қалаушы. Ресейдің империялық білім беру саясатын қазақ топырағында, өз халқының мүддесін аяқ асты етпей, шебер қиюластыра білген сұңғыла ұйымдастырушы, асқан дипломат елші ретінде таныды. Ыбырайдың ағартушылық қарекетіне байланысты айтылатын осындай қырлары әлі де талай зерттеулерге арқау болатын қазына. Осы орайда Ы.Алтынсариннің өзі құрған мектеп жүйесінің құрылымына, ондағы білім мазмұнын айқындау амалдарына қазіргі ғылыми-педагогикалық көзқарас тұрғысынан барлау жасаудың қазақ мектебінің даму тарихын шынайы суреттеу үшін маңызы аса зор. Сонымен Ыбырай ашқан мектеп-қандай мектеп? Ұлттық мектеп дегеніміз-қандай мектеп? Оларда берілетін білім мен тәлім-тәрбие мазмұны қалай анықталады, деген көкейтесті сұрақтар туындайды. Көтерілген мәселелерді жалпы ғылыми методологиялық ұстанымдар негізінде де жеке ғылыми-педагогикалық ұстанымдар негізінде де дұрыс талдай алсақ қана, жоғарыда қойылған сұрақтарға шынайы жауап таба аламыз.

Ыбырай ашқан мектептердегі білім мен тәлім-тәрбие мазмұнының айқындалу жолын саралай отырып, төмендегі қорытындыларды жасауға болады.

1. Ыбырай мектепте берілетін білім мен тәлім-тәрбие мазмұнын анықтаудың ғылыми ұстанымдарға негізделген әрі толымды, әрі зайырлы құрылымын таба білді.

2. Қазақ мектебіндегі білім мен тәлім-тәрбие мазмұнының тұрақты бөлігіне адамзат өрке-ниетінің ғылым мен өнер, техника мен технология саласында ғасырлар бойы жинақтаған әлеуметтік тәжірибесі негіз етіп алынды. Бұл негіз Ресей орыс метептерінің мазмұнына сәйкес келді.

3. Ыбырай аңсаған ұлттық мектеп дегеніміз қандай мектеп-деген сұрақтың жауабын беруге де болады. Ұлттық мектеп деп төрт тұғыры да түгел мектепті, яғни, біріншіден, өз ұлтының тәуелсіз білім беру саясатын жүзеге асыратын, екіншіден, сол ұлттың мемлекеттің аймағында қызмет ететін, үшіншіден адамзат өркениетінің құндылықтарын туған халқының рухани және мәдени мұраларымен жарасымды ұштастыратын, төртіншіден, ана тілінде тәлім-тәрбие мен білім беретін мектепті айтады.

Ыбырай атамыз аңсаған ұлттық мектептердің саны күннен-күнге артуда. Қазіргі адамзат биігін білекпен емес біліммен бағындыру заманында Ұстаздарға жүктелетін міндет өте ауыр. Балаларды тәрбие мен білім берудегі ұстаздардың рөлі ежелгі грек ойшылдарының еңбектерінде ерекше. Солардың бірі-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тамаша педагог-демократтардың қатарын толықтырған ұлы ағартушылардың бірі Фридрих Адольф Дистервег өз еңбегінде «Материалын жақсы меңгерген мұғалім оқушыларына рухани азық бере алады. Бейнелі айтсақ, мұғалім аспазшы өнерінен хабары болуы қажет. Тамақ дайындалатын өнімдердің бәрі бірдей. Оны ұқсатып пайдалана білген жөн. Мұғалімнің міндеті-оқушыларды сүйсініп жейтін, асқазанды қорыта алатын тамақ дайындау. Одан басқа мұны ешкім де істей алмайды.

Басшылыққа алатын жақсы кітап жалпы нұсқау бере алады, алайда ол барлық жағдайға сәйкес келе бермейді. Оның үстіне ол мұғалімнің өз ойын ауыстыра алмайды. Осы себепті ең жақсы семинарияларда кітаппен емес, баспен оқытады. Кітап бойынша оқытуды болдырмау керек. Егер мұғалім кітапты тұрақты керек етсе, ол құлдық тәуелділік болып шығады. Ондай жағдайда мұғалім өз зейінін түгел оқушыларына аудара алмайды; мұнда еркін, шат-шадыман дамуға орын жоқ. Кітапқа байланған адамның ақыл-ойы тоғышар болады. Сонымен, сабақ кезінде мұғалімнің қолында кітап атаулы болмасын. Оны істегісі келмейтін мұғалімдер құрысын! Көзін кітаптан алмайтын мұғалімдерді оқушылардың көрмеуіне жетудің өзі-бір арман! Орта мектеп мұғалімдері мұндай топастықтан арылыңдар! Кітапқа емес, балалардың жүзіне қараңдар, олар немен шұғылданып отыр екен. Орта мектептегі бұл жағдай-жақсылықтың нышаны емес.

Барлық сабақ үшін мұғалімнен талап ететініміз-ол материалды толық меңгерсін.

Жаңалыққа жаны құмар адамдардың толық меңгере қоймаған пәндерді жанын сала оқып, оқушыларға жақсы түсіндіруге талпынатыны белгілі: диттеген мақсатына қолы жеткен соң оған суына бастайды. Егер мұғалімнің мұндай пәндерге деген талпынысы мен ынта-жігері оларға сүйіспеншіліктен емес, тек жаны жайланып рахаттану сезімінен туатын болса, еткен еңбегі біртіндеп құрдымға кетеді.

Шынайы, ешуақытта жоғалмайтын педагогикалық ынтызарлық мұғалімнің ісіне, баланың ақыл-ойын дамытуға деген сүйіспеншілікке негізделмесе, онда мұғалім қалай және нені үйретеді-оған бәрібір. Оқыту-қуаныш, ләззат, биік мақсат. Бірақ пәнге деген қызығушылығыңды жоғалтпай ақыл-ойыңды жаңғыртып отыру үшін, ой-өрісінді кеңейтіп отыру үшін өмір бойы беріп жүрген пәндеріңнен тыс сол пәндер бойынша жазылған басқа авторлардың да еңбектерін оқу керек. Егер оқыған материалыңның ақыл-ойыңды жаңғыртуға көмегі тимесе, онда осы материал жөніндегі басқа көзқарастарды саралап, оны қалай түсіндіргеніне көңіл аудару ләзім. Білімдар мұғалімнің ерекше қасиеті бір пәнді әр түрлі жолмен түсіндіре білуінде.

Мұғалім дидактикалық білімдері мен үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылуы тиіс. Білім берудің мәні-алған біліміңнің санында емес, әр түрлі көзқарастардың жалпылығы мен әмбебаптығында Сондықтан әр адам әр түрлі пәндерді түсіндіруге арналған шығармаларды да оқуы керек. Мұғалімнің жақсы білім алуына психология мен логиканы терең білудің маңызы зор. Өйткені психология-кеңірек айтсақ-антропология педагогиканың ғылыми негізі болып саналады. Онсыз педагогика аяғын нық баса алмайды. Логика болса, мұғалімнің басты міндеті-өзінің танымдық бейімділіктерін дамытудың құрылымын анықтап береді. Біз мұнда логиканың құрғақ басшылығымен абстракты формаларын жанды ұғыну мен таным ақыл-ойының әр түрлі қызметімен көрнекі танысу туралы айтып отырмыз. Егер мұғалім осылайша жеке пәндерді зерттеуді басқа шығармалармен бірлікте жүргізсе, онда ол дара немесе жалпы білім алуда кемелденіп, өз мақсатына жетеді» дейді.

Философ, педагог Ян Амос Коменскийдің айтқанын келтіре кетсек, «Білімге ұмтылатын және ыңғайға көнгіш өткір ақылды оқушылар бар, олар өзгелердің бәрінен айрықша артықшылықпен оқуға ерекше қабілетті. Оларға ғылыми азық ұсынудан басқа ештеңенің керегі жоқ; олар текті өсімдіктер сияқты өз бетінше өседі. Олардың мерзімінен бұрын нашарлап, жүдемеуі үшін, тым асығуына ерік бермеу үшін тек парасаттылық керек.

Оқып-үйренуде тіл алғыш және білімқұмар, бірақ баяу және сылбыр оқушылар бар. Олар да алға қарай ұмтылатындардың жолын қуады. Бірақ оларға мүмкін ету үшін олардың осал тұстарын жәрдем беру, ешқашан оларға жүк артпай, тым қатаң талаптар ұсынбау, тілектестік пен шыдамдылық танытып немесе олардың сағы сынып, рухы жығылмас үшін инталандырып және қолдап, көмектесу керек. Мейлі олар мақсатына кешірек жетсе де, бірақ олар кеш пісетін жемістер тәрізді мықтырақ болады. Ал, енді ақымақ, оның үстіне селқос және енжар оқушылар бар. Оларды да түзетуге болады, тек олар қырсық болып шықпасын деңіз. Бұл жағдайда үлкен ақыл-парасат пен төзімділік қажет. Ең соңғы орында ақымақ, бұзақы және кекшіл болмысты оқушылар тұрады, көбінесе бұл оқушылар сенімсіз, алайда табиғатта барлық бұйоген нәрсеге қарсы әсер ететін құралдар бары белгілі және табиғатынан жеміс бермейтін ағаштар да қайтадан дұрыс отырғызатын болса, жеміс әкелетін болады» деген болатын. Айтылғанның мәні: Плутархтың кеоесі сөзіне келіп тіреледі: «Балалардың қалай болып туатыны ешкімге байланысты емес, бірақ олардың дұрыс тәрбие арқылы жақсы адам болып шығуы-бұл біздің міндетіміз.

Ұстаз алдындағы басты мақсат-сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуын ықпал ету. Тұлғаны жан-жақты жетілдіруде таным баспалдақтарына жетелер дағды-машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үдерісіне қатысар тұлға даярлау-мұғалім мақсатының бастау көздері.

Қазақстан Республикасының Президентінің «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген бағдарлы сөзі педагогтардың алдына қойылған міндеттерді де саралайды. Бәсекеге барынша қабілетті қоғамға ену мақсатын алға қойып отырған еліміздің білім беру саласында нәтижелі ізденістер бастау алуда. «Білім туралы заңда» оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу міндеті айқын көрсетілген. Осы міндеттер тұрғысынан қарағанда, пәнді оқыту барысында технологиялардың қолданысқа тиімді, ұтымды нұсқаларын тандап-талғау алдыңғы кезекте тұрады. Технологияларды меңгеріп, сабақтарында тиімді қолдану ұстаздардың шеберлігіне байланысты.

Білім беру жөніндегі оқытушы-психолог Вассерман Федор Яковлевич

«Биоақпараттану және синергетика» деп аталатын оқыту сапасын басқарудағы ерекше білім беру технологиясының авторы, соңғы он жылын соған арнаған. Қазіргі кезде

жаңашыл педагог Н.Назарбаевтың Білім беру қоғамдық қорының кеңесшісі әрі Қарағандының технопарк типті бірнеше мектептеріне өз жобасын енгізумен айналысуда.

Технология синергетика заңдарына негізделген. Синергетиканың негізінде өзара іс-қимылдарда орын теуіп, бейберекеттікке әкелген кибернетика орнына келген тәртіп тудыратын өзара іс-әрекет қағидасы жатыр. Осы екі тәсілдің басты айырмашылығы мынада: өзара іс-әрекеттер синергизмі әрбір әріптес басқасының жетістігіне мүдделілігі арқылы ұжымдық табысты көздейді, «біреу-бәрі үшін, бәрі-біреу үшін» қағидасымен, ал кибернетикалық өзара іс-әрекет жалпы мақсаттар мен міндеттерді ескірмейтін жеке табыстарға бағытталған.

XIX ғасыр ғылым мен техниканың қарышты дамуымен қатар адамзаттарихында бұрын болып көрмеген жан-жақты ақпараттар ағынының толассыздығымен де танылуда. Оқушы бүгінгі күннің тіршілігіне етене араласып, жаңалықты тез қабылдауда. Ұстаздың да жаңалықтар мен ақпараттар ағымын игеру үшін интернет, электронды пошта құралдары қызметіне жүгінуі-уақыт алға қойған заңды құбылыстардың бірі. Интернет жүйесінде жұмыс істеу-әлемдік білім мен ғылымжетістігінен хабардар болу, ақпараттық білім кеңістігінен қажетті мәліметтер алу мен ақпараттық мәдениетті игеру, білім жетілдіру және алынған білімді қоғам құндылықтарын игеру мен ұрпаққа білім берудің бағдаршамы-заманауи қажеттілік.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев замана өзгерістері мен уақыт алға қойып отырған міндеттерді саралай келе, 2007 жылдың 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет», – деп атап көрсетті. Елбасы Қазақстан халқына жолдауында азаматтардың интернетті және электронды поштаны қолдана білу дағдысы мен компьютерлік сауаттылығы міндетті талап екендігіне баса назар аударды.

Осыған орай қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін, Ыбырай салған сара жолды, оның ағартушылық идеясын жалғастыруды іске асыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтар мен он-лайн режиміндегі сабақтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру міндеттері күн тәртібіндегі кезек күттірме сөзекті мәселеге айналууда. Бұл бағытта мемлекет тарапынан атқарылып жатқан істер орасан зор. Сол себепті кез келген ұстаз сабаққа белгілі бір дайындықпен келуі керек.

2007 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Президенті он-лайн режимінде сабақ өткізіп, білім саласындағы тың серпіліс пен үздіксіз ізденістерге жол ашты. Бүкіл Қазақстандықтар назарында болған Елбасының дәрісі жас ұрпақ жүрегіне болашақтың нұрлы сәулесін септі. Тәуелсіз Қазақстанның даму бағыттары мен болашақ айқын саралап көрсеткен сабақ елдің ертеңі мен алынар биіктерге жол сілтеген бағдар іспетті болашаққа деген батыл сенімді алға тартты.

Интерактивті тақта арқылы жұмыс жасау жылдамдығы өте жоғары, пікір алмасуға, мультимедиялық файлдармен және виртуальды ортада бейне режим арқылы байланыс жасауға тиімділігі әлемдік деңгейде жоғары бағаланған.

Уақыт талабынан туындаған міндеттерді жүзеге асыру барысында білім беру саласы қызметкерлері ауқымды істерді жүзеге асыруда.

Он-лайн режиміндегі сабақтар-өміршеңдігі мен қажеттілігін, білім сапасын және тұлғаны қалыптастыру мен шынайы біліммен қамтамасыз ету барысында ұстаз шығармашылығын арттыруға, қажетті ақпаратты жедел түрде алуға ықпал ететін зор мүмкіндіктер кеңістігі.

XXI ғасыры ақпарат ғасыры болғандықтан, тұлғаға компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс. Ал теориялық білімді практикамен ұштастыру үшін компьютердің қажет екені даусыз. Интернет жүйесінде жұмыс істеу оқушыларымызға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар болып, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ. Интернетті пайдалану арқылы оқушылар өздеріне керекті мәліметтер алу арқылы білімін жетілдіре түсетіні сөзсіз. Заман ағымына қарай күнделікті сабақта видео, аудио қондырғылар мен теледидарды, компьютерді, электронды оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен өңбек етуіне жағдай жасайды.

Ғаламдану үдерісіне сәйкес ғылым мен техниканың жоғарғы тиімді технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу-қазіргі білім жүйесінің ерекшеліктерінің айқындалуы мен жаңа бағытта дамуының басты кепілі. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бір деңгейдегі және әрбір адам үшін қажеттілік шарты.

Білімді жаңаландыру, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында болу мақсатында атқарылып жатқан істер орасан зор.

Осыдан бірнеше жылдар бойы қазіргі тәуелсіздікті аңсаған ұлы бабаларымыздың көрегендігіне, ұлылығына бас иесің. Қара сөздің майталманы Міржақып атамыз да халқын жаңа да жарқын жол сілтеуді парызым деп түсінген. «Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң. Көктен теңдік келмес, өзің кем болсаң» деген өлең жолдарымен әр адам өзі талпынуы керек, талаптануы керектігін айтып кеткен.

САПАЛЫ ӨМІР – БІЛІМ МЕН ОҚУДА

Камзина Ж.А.

«Кеңарал орта мектебі» ММ

Менің педагогикалық ұраным: «Тіл-қаруы -сөз, сөз қаруы – ой, ақылды ой, алғыр сөз – адамның жоғарғы қасиеті»

Ғ.Мұстафин.

Әдістемелік тақырыбым: «Жаңа технологиялар арқылы оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын байыту».

Басты мақсатым: білім деңгейін көтеру мақсатымен мемлекеттік тілді дамытудың тиімді жолдарын іздестіру.

Қазақ тілін оқытудағы әдістемелік жүйем:

- жаңа технологиялар элементтерін қолдану;
- дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдану;
- электронды оқулықтарды, интерактивті тақтаны үнемі пайдалану;
- тереңдетіп оқыту;

Оқушының мемлекеттік тілде сөйлеуін дамыту жұмысына қойылатын талаптар:

- оқушылардың сөздік қорын байыту;
- сөйлемді дұрыс құрастыра білуі;
- байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру;
- тән дыбыстарға ерекше мән беру, оларды дұрыс айта білу;
- сурет, оқулық бойынша ауызша, жазбаша жұмыс істеу;
- оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- оқығанын, естігенін анық, түсінікті жеткізе білуге жаттықтыру;
- Сабақтан тыс шаралар:

Жеке тұлғамен жұмыс: олимпиадаларға, оқылымдарға қатысу, шығармашылық жұмыстарды қолдау (тақпақ, әңгіме құрастырушылар).

Топпен жұмыс: конференция, әдеби көштер, үйірмелер, интеллектуалды сайыстар, дөңгелек үстел т.б.

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сай білім беру мәселесі республикада ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, Отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыруымен көкейкесті мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Осы міндеттерді өрістету мақсатында мемлекеттік тілді үздік үлгіге сәйкес деңгейіне көтеруге ұмтылу керек.

Елбасымыз халыққа жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі – болашақ ұрпақты жан-жақты жетілдіретін, бәсекеге төтеп беруге қабілетті, саналы адам тәрбиелейтін білім беру жүйесі қажет», – дегенді ерекше атап өтті. Бүгінде елімізде білім беру жүйесі де қоғам дамуымен байланысты дамып, жетіліп отырғаны анық. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында жас ұрпаққа білім беру ісінде оның жеке даралық ерекшеліктеріне мейлінше мән бере отырып, оқушылардың мектепте алған білімдері олардың бүкіл өмірлік азығы болатындай етіп білім беру, оны өмірге дайындау, мамандық таңдауға бағыттау мәселесі бүгінгі жаңа қоғамның білім саласындағы кезек күттірмейтін ауқымды мәселелер қатарында тұр.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы бүкіл қазақстандықтарға арналған жолдауында былай деп көрсетілген: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек»